

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 77 (9139) | 1953 жылғы 15 апрель Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Сауда ұйымдарының жұмысы жаңа талаптарға сай болсын

Шаруашылықтың барлық салаларындағы сияқты, біздің елімізде сауда ұйымдарының жұмысы да еңбекшілердің өскелең талаптарына сай өрістетіле жүргізілуде. Сауда орындарының қызметкерлері товар айналымының жоспарын арқашан толық және асыра орындау, мәдениет және тұрмыстық дәрежесі өскен тұтынушыларымыздың қажетін тынғылықты өтеу жөнінде партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Сонымен қабат, азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларының жаңадан — алтыншы рет кемітілуі сауда жұмысының өрістетіле жүргізілуіне, еңбекшілердің қажетін ойдағыдай өтеуге жаңа, қолайлы мүмкіншіліктер туғызып отыр.

Бұл күндері бүкіл еліміздегі сияқты, облысымыздың сауда және көпшілік тамақтандыру орындары ең қажетті тұтыну заттарын еңбекшілерге көптеп жеткізу және сағу ісінде бірқатар көрнекті табыстарға ие болуда. Петропавл теміржол бөлімшесінің, орталық жылу-электр станциясының жұмысшылары жабықсау бөлімдері үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының товар айналымы жөніндегі жоспарын ойдағыдай орындаумен қатар, апрель айының алғашқы аптасында жаңа кемітілген бағамен тұтынушыларға кемінде екі аптаға арналған мөлшерде товарлар сатты.

Сонымен қатар, аталған сауда орындарының қызметкерлері советтік сауданың мәдениетін арттыру мәселесіне де арқашан ерекше назар аударып келеді. Олар тұтынушылардың тілегіне сай товарлардың түр-түрін көптеп сатуды ұйымдастырып, өнеркәсіп орындарының алдына көпшілік қолды товарлардың сапасының мейлінше жоғары болуы жөнінде нақтылы талаптар қояды. Мұның өзі, еңалдымен, товар айналымы жоспарының мерзімінен бұрын толық және асыра орындауына көмектеседі, екіншіден, мәдениетті совет саудасын кеңінен өрістете жүргізуге қолайлы жағдай туғызады.

Тынғылы советтің жұмысшылар кооперациясының председатели Бондарев жолдасқа көптен бері мәлім. Бұл дүкенге түскен тігуді киімдер, сырт киімдік жоғары сапалы маталар, азық-түліктер сатушының тамыр-таныстарына ғана сатылмайды. Бірақ, осындай қымысты істер жасап отырған Алексеев сияқты сатушыға жұмысшылар кооперациясы тарапынан әлі ешбір шара қолданылмай отыр.

Жекелеген сауда орындарында товарды кем бәсең беру, дүкендер мен қоймаларда өнеркәсіп және азық-түлік товарларының сапалы сақталуын қамтамасыз етпеу сияқты кемшіліктер де кездеседі. Сауда ұйымдарының жұмысын жақсарту негізінен сауда қызметкерлерін іріктеп алуға және тәрбиелеуге байланысты есепті ешқандай ұмытпа бөлмейді. Кейбір жерлерде сауда қызметкерлері қолынан іс келетін -көзмейтініне қарамастан жұмысқа алына салады. Мұның ақыры товарлар мен мемлекет қаржысының талаңтарапқа түсуіне, тұтынушылар қажетін тынғылықты өтелмеуіне апарып соғады. Мұндай жағдай Булаев, Мамлют аудандық тұтынушылар одақтарына қарасты жекелеген сауда орындарында соңғы уақытқа дейін орын алып келеді.

Бұдан былайғы жерде партия, совет және кәсіподақ ұйымдарының көмегіне сүйене отырып, облыс сауда орындарының қызметкерлері өздерінің жұмыстарында болып келген елеулі кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында совет саудасын оған әрі өрістету жөніндегі міндеттерді және істе болған кемшіліктерді айта келіп, былай деп атап көрсетті: «Сауда ұйымдары халықтың тілегін әлі де нашар зерттейді, облыстар мен республикаларға товар жеткізуде және бөлуде қателіктер жібереді. Бірсыпыра жерлерде товар сатып алушыларға қызмет ету ісі нашар. Міндет мынада: болып отырған кемшіліктерді қысқа мерзімде жойып, совет саудасын жаңа, неғұрлым



Қарағандының Пархоменко атындағы машина жасау зауыты үстіміздегі жылы шахталар мен байыту фабрикалары үшін ленталық транспорттерлер жасап шығаруды меңгерді.

СУРЕТТЕ: Бесінші бесжылдықтың соңғы жылының есебіне жұмыс істеп жүрген электр қуатымен болат балқытушы К. Гричанов транспорттердің рамасын жабықтап тұр.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Бір комбайнмен 18.500 тонна көмір шығарылды

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Бүкілодақтық үшінші көмір базасының еңбекшілері жер астындағы забойларда, завод цехтарында, жаңа құрылыс алаңдарында Май алдындағы вахтаға тұруда. Олар партия мен үкметтің совет халқының әл-ауқатын арттыруға жасаған қамқорлығына қажырлы еңбекпен жауап беруде. № 1, 17-бис, 31 шахталар, ашық жерде көмір шығаратын № 1—2

Партиямыз совет адамдарының үздіксіз өсіп отырған тілектерін барынша толық қанағаттандыруға бұдан былай да қажымай қамқорлық көрсетіп отырады, өйткені, совет адамының игілігі, совет халқының көркеюі біздің партиямыз үшін ең жоғарғы заң болып табылады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

Өскемен СЭС-нің құрылысында

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-нің құрылысшылары 1 Майды ендірістік табыстармен қарсы алуда. Құрылыста кәзір жұмыстың ең қызған участогі —кеме қатынайтын шлюздің коллективі —стахановша еңбек етуде. Жұмабай Базылов пен Жанәділ Кәрімбаевтың бетоншылар бригадалары су сақталатын сайдың түбіне бетонның екінші қабатын құюды алғашқы құйылған қабаттан екі есе дерлік шапшаң—екі тәуліктің ішінде аяқтады. Кәзір бұлар бетон құюға кіріскен үшінші қабаттың көлемі бірінші қабаттан үштің біріндей дерлік үлкен. Стахановшылар осы үшінші қабатқа бетон құюды да екі күн ішінде аяқтауға міндеттенді.

Төменгі қақпалар механизмдерінің металл бағандарын құрастыру жұмыстары басталды. Бұл жұмысты Федор Барановтың бригадасы атқаруда. Бригада соңғы сменада үшкүндік тапсырма орындады. Оның табысқа жетуіне керекті ағаш жабдықтарын шапшаң жасап берген Иван Лоскутовтың бригадасындағы ағаш ұсталары көмектесті.

«Тоғыз құмалақ» ойыны

9 апрельде Алматыда ұлттық «Тоғыз құмалақ» ойны жөнінде қалада жеке бірінші орын алу жарысы аяқталды. Жарысқа ең күшті сегіз ойыншы қатысты.

Бірінші разрядты М. Рақымқұлов («Искра») жарысты жеңілместен аяқтады. Ол мүмкін болған 7 ұпайдан 7 ұпай алып, «Тоғыз құмалақ» жөнінде 1953 жылғы қала чемпионы атағына ие болды. Екінші орында —6 ұпай алған «Искра» спорт қорамының өкілі Х. Мұқатаев.

Жарыста жеңіп шыққандар «Тоғыз құмалақ» жөнінде республикада бірінші орын алу жарысына қатысады, ол үстіміздегі айда Жамбыл қаласында өткізіледі.

(ҚазТАГ).

КОЛХОЗШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТОВАРЛАР



Республика Ғылым академиясының Орал-Ембі құрылыс материалдары базасының секторы Волга—Урал каналындағы жер суландыру жүйелерінің құрылысы үшін құрылыс материалдарын өндіретін жаңа орындар тапты.

СУРЕТТЕ: Сектор меңгерушісі С. В. Мещеряков (оң жақта) және лаборант Н. А. Грузинцев табылған өктің төзімділігін сынауда.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Қалааралық елу автобус маршруты

Бесінші бесжылдық жоспар қалааралық автобус линияларын шамамен екі есе арттыруды көздейді. Территориясы орасан зор Қазақстан үшін автомобиль транспортын өркендетудің ерекше маңызы бар. Кәзір мыңдаған жолаушылар күн сайын қалааралық маршруттарда жүретін автобустармен пайдалануда.

Республиканың қалааралық автобус линияларында кәзір жалпы ұзындығы бес

Май мерекесі құрметіне

Ясыр басқарған колонна

Петропавл паровоз депосының машинистері Май мерекесі қарсаңындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа ұштаса отырып, еңбек қарқынын үлесте түсуде.

Аға машинист Ясыр жолдас басқарған паровозшылар колоннасының мүшелері еселеген қарқынмен жұмыс істеді. Бұл колонна бесінші бесжылдықтың 1953 жылға арналған тапсырмасын 1953 жылғы аяқтауға міндеттеме алған болатын. Социалистік міндеттемені орындау үшін паровозшылар өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімділігін арттыра түсті. Локомотивтердің техникалық жүріс жылдамдығын сағатына бірнеше километр арттыруға жетісіп, ауыр жүк тиелген поезддың санын көбейтті. Паровоздардың техникалық күтімін жақсартып, оны жүргізудің шеберлігін жетілдіре берудің нәтижесінде жоспардан тыс мыңдаған тонна жүктер тасыды. Сөйтіп, олар жүк тасудың, локомотивтердің техникалық жүріс жылдамдығын арттырудың, отын үнемдеудің және басқа көрсеткіштер бойынша 1953 жылғы бірінші тоқсанның жоспарын артығымен орындады. Колонна мүшелері бірінші тоқсанның ішінде айналымға 662 поезд беріп, ауыр салмақты жүк тиелген 362 поезд өткізді. Ол миллиондаған тонна жүк тасып, 143 тонна отын үнемдеді.

Социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындау күресінде Н. Швидко жолдас бірінші орынға ие болды. Ол паровоздың техникалық жүріс жылдамдығын сағатына бірнеше километр арттырып, айналымға 45 поезд берді. Жолда қосымша су алмастан 27 рет сапарға шығып, ауыр салмақты 30 поезд алып өтіп, жоспардан тыс 5250 тонна жүк тасыды. № 19—500 паровозының машинисі М. Яшниц жолдас көптеген ауыр салмақты поезддар өткізіп, халық шаруашылығына керекті 48 миллион 315 мың тонна жүк тасып жеткізді. Сол сияқты Г. Демидов, Д. Шандыбин жолдастар да алған міндеттемелерін әлде қайда асыра орындады.

В. АХРЕМЕНКО

үйымдастыру, сөйтін, товар айналымының жоспарын үнемі мүлтіксіз орындау, тұтынушыларды мәдениетті қамту ісінде осындай игі көрсеткіштерге не болған сауда орындары облысымызда көптеп саналады.

Солдай бола тұрса да, күні бүгінге дейін жекеден сауда орындарында советтік сауда принципін бұрмалау, товарлар мен мемлекет қаржысын талап-таражға салу, сауда мәдениетін арттыруға көңіл бөлмеу сыяқты фактілер де кездеседі. Атап айта кету қажет, мұндай әрекеттер кемшіліктердің кездесуіне, ең алдымен, сауда орындарының басшылары кәсіподақ ұйымдары кінолі. Өйткені, олар сауда қызметкерлері арасында социалистік жарысты өрістетуге және үгіт-бұқаралық жұмыстарды партия алға қойып отырған талаптарға сай жүргізуге жете мән бермей келеді.

Мәселен, Октябрь ауданындағы Октябрь совхозында күні осы уақытқа дейін сауда қызметкерлерінің өзі советтік сауда принципін бұрмалап келеді. Совхоздың орталық дүкеніндегі сатушы Алексеевтің көпшілік қолды товарларды негізінен тамыр-тамыстарына үлестіретіндігі, ал, пай жарнасын төлеушілердің қажетін өтеуге сатушының ешбір құлақ аспай-

жотары сатыға көтеру керек».

Міне, бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін сауда орындарының партия және кәсіподақ ұйымдары күнбе-күн күрес жүргізуге тиіс. Олар товар айналымының жоспарын үнемі толық және асыра орындау, сауда мәдениетін арттыру, тұтынушыларды тыңғылықты қамту жөніндегі социалистік жарысқа барлық сауда қызметкерлерін кеңінен ұштастыруға тиіс.

Сонымен қатар, сауда орындары көпшілік қолды тұтыну заттарын өндіретін кәсіпорындарының алдына товарлардың жоғары сапалы болуы жөнінде қатаң талаптар қойып отыратын болуы керек. Сапасы төмен товарлардың өтпейтінін, ақыры олардың қоймаларда жатып, товар айналымы жоспарының орындалуына үлкен нұқсан келтіретінін естен шығаруға болмайды.

Облысымыздың сауда және көпшілік тамақтандыру орындарының қызметкерлері бұдан былайғы жерде тұтынушыларды мәдениетті қамту, товар айналымының жоспарын мүлтіксіз орындау жөніндегі міндеттемелерін аброймен жүзеге асыра отырып, мәдениетті совет саудасын партиямыз бен үкметіміздің талаптарына сай кеңінен өрістетуге жетісулері керек.

Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы басқармасының пленумы

11 апрельде Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы басқармасының пленумы аяқталды. Пленум Өзбек ССР қоғамы және қоғамның Горький облыстық бөлімшесі жүргізіп отырған лекциялық насихаттың жайы туралы мәселе талқылады. Өзбек республикалық қоғамның басқармасы председателінің орынбасары, Өзбек ССР Ғылым академиясының толық мүшесі А. С. Садықов және қоғамның Горький облыстық бөлімшесі басқармасының председателі профессор Е. М. Воронцов баяндама жасады.

Өзбек ССР-де өткен жылдың январь-нан бйылғы жылдың мартына дейін еңбекшілерге арнап қоғам 52 мыңнан астам лекция оқуды ұйымдастырды. Қоғамның Горький облыстық бөлімшесі 16 мыңнан

астам лекция оқыды. И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін және СОКП XIX съезінің материалдарын насихаттауға зор көңіл бөлуде.

Пленумға қатысушылар Өзбек республикалық қоғамының және Горький облыстық бөлімшесінің жұмысындағы негізгі кемшіліктері атап көрсетті. Лекциялардың идеялық және ғылыми дәрежелерін арттыруға, И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген танышпандық еңбегін және СОКП XIX съезінің материалдарын насихаттауды одан әрі өрістетуге бағытталған шаралар белгіленді.

(СОТА).

Демьян Бедныйдің туғанына 70 жыл толуына

ЛЕНИНГРАД. 11 апрель. Салтықов Шедриц атындағы көпшілік кітапхана-сында аса көрнекті совет ақыны Демьян Бедныйдің туғанына 70 жыл толуына арналған кітап-сурет көрмесі ашылды. Көрмеде ақынның творчестволық еңбектеріне — мысалдарына, өлеңдеріне, памфлеттеріне, сықақ әңгімелеріне кеңінен орын берілген. Букришикетар салған суреттермен бейнеленген жыйнақ, сондай-ақ ақынның соңғы шығармалары «Мен өз халқымға сүйенемін», «Мызғымас сенімділік», «Жеңіс мерекесі» зор назар аударды.

ОДЕССА. 13 апрельде туғанына 70 жыл толған орыстың талантты ақыны, мысалшысы Демьян Бедныйға арнап Одессаның Горький атындағы ғылыми кітапханасы жазушының шығармаларынан көрме ашты. Көрмеде Харьковте 1919 жылы жеке кітап болып басылып шыққан «Жер туралы, еркіндік туралы, жұмысшы тағдыры туралы» повесті, «Таңның жүздер», «Демьян Бедныйдің 100 мысалы» жыйнақтары, бірнеше таңдаулы шығармалары қойылған.

Көрнекті ақынның өмірі мен творчествосы туралы элблеттер қойылған.

(СОТА).

және 6 разрездердің кеншілері жоспардан тыс көмір шығаруда.

№ 31 шахтаның механизаторлары жаңа жеңіске жетті. Григорий Воронаның участогінде марттың басында шахтаның рационализаторлары қайта жасап жетілдірген «Донбасс» көмір комбайны лаваға түсірілген болатын. Екінші мотормен, көмір шабатын қосымша штангамен және жетілдірілген көмір тиегішпен жабдықталып күшейтілген комбайн забойда бұрыннан жұмыс істеп келген Макаров системасындағы екі комбайнның жұмысын атқарды, көмірдің қатты қабаттарын алдын-ала копсытпай-ақ бүкіл көмір қабаты бойынша көмір қазуды қамтамасыз етті. Техниканы неғұрлым жақсы пайдалану үшін жарыса отырып, жетілген комбайнды жүргізуші Иван Балабаев пен Михаил Поляков бір айдың ішінде 18.500 тонна көмір шығарды. Бұл — бассейндегі ең жоғары жұмыс өнімі.

Воронаның участогі мартта және апрельдің алғашқы аптасында көтеріңкі тапсырмаға қосымша 6,5 эшелон отын шығарды.

Мақта егуді аяқтады

ИЛЬИЧ (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Қызылабад МТС-нің механизаторлары 9 апрельде өз қамтуындағы колхоздарда мақта егуді облыста бірінші болып аяқтады. Егіс өткен жылғыдан біржарым есе шапшаң және жоғары агротехникалық дәрежеде өткізілді.

Бірінші Тоғай және Бірінші Жетісай станцияларының механизаторлары да мақта егу графигін асыра орындауда. Мақтаралдың мақта тазалау зауытының коллективі күн сайын 15—20 тонна тұқым өңдеуде. Тұқымды үймектерде ылғалдандыруға көшу жұмысы еңбек жұмсауды едәуір кемітті.

Жаңашылдар бір-бірімен хат алысуда

Электр станциялары мен электр өнеркәсібі министрлігінің Алматыдағы механика зауытының мастері Петр Горьков жасап шығарған токарлық станокқа арналған жартылай автоматтық патрон еліміздің өнеркәсіп орындары токарларының зор назарын аударды. Жақында жаңашыл Петр Горьков Одессадан хат алды. Кеме жөндеу зауытының токарі Гартман жолдас былай деп жазады: «Жақында мен газеттен Сіздің үш буылдықты патронда бөлшектерді қысып ұстайтын жаңа тетік жасап шығарғаныңызды оқыдым. Бұл тетік күш жұмсауды керек етпейді және ста-ноктан істейтін адамның жұмыс өнімділігі екі жарым есе арттырады. Мен Сіздің осы әдісіңізді толық сыйпаттап жазып жіберуіңізді сұраймын».

Петр Горьков одессалық токардың өтінішін орындады.

Кеше ол Риганың электротехникалық «БК» зауытының токарі Дамбергке де хат жазды. «Мен, — деп жазды П. Горьков, — «Правда» газетінің 30 марттағы но-

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Көктемгі егіс кезінде сауданы өрістетуге үшін тұтыну кооперациясының магазиндері колхозшыларға товар сататын 200-ден аса көпмелі дүкендер ұйымдастырды.



Улы Сталиннің бейнесі искусство қызметкерлерін жігерлендірудің қайнар көзі болып табылады.

Жас скульптор Х. Наурызбаев көзір И. В. Сталиннің революциялық қызметінің басталу кезеңін бейнелейтін скульптур-я жасауда.

СУРЕТТЕ: Х. Наурызбаев И. В. Сталиннің скульптурасының эскизін жасау үстінде.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

мың километрден асатын елуден аса маршрут бар. Жаңа бесжылдықтың екі жылы ішінде жаңадан онға жуық автобус линиялары жасалып, ол облыстық қалаларды аудан орталықтарымен жалғастырды. Автобустар Алматы мен Фрунзе, Шымкент және Ташкент арасында үнемі қатынап тұрады.

Автобус паркі 1950 жылғымен салыстырғанда 40 процент дерлік артты.

(ҚазТАГ).

Уралда кеме жүзу маусымы басталды

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Урал өзенінің төменгі жағы мұздан тазарды. Кеме жүзу маусымы өткен жылғыдан едәуір бұрып басталды. Жаңа сапарға бірінші болып «Халтурин» пароходы шықты. Ол баржалар керуенін тіркеп, Индерге кетті. Таяудағы күндерде Орал өзен пароходствосының басқа кемелері де суда жүзу маусымының жалауларын көтереді.

Кемелер тұрған теңіз жағасында жұмыс қыза түсуде. Кеме жүзу маусымын «Рейд-танкер» теңіз агенттігінің кемелері бастады. «Девиатор» теплоходы 8 апрельде мұнай тиелген алғашқы базаларды теңіз жиегіне жеткізді.

ПАВЛОДАР ТЕАТРЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Облыстық драма театры ойын көрушілерге өзінің жаңа постановкасы — Н. Виртаның «Помпеевтің өлімі» деген пьесасының премьерасын көрсетті. Көрушілер спектакльді сүйсініп қарсы алды.

Кәзір театрдың коллективі Симуковтың «Сұлу бикештер» пьесасын қоюға әзірлеп жатыр.

Паровоз депосының операторы.

Жастар — өндіріс озаттары

Октябрь революциясы атындағы былғары зауытының коллективі Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа қосыла отырып, еңбек өнімділігін арттырумен бірге өнім сапасын жақсартта түтті. Завод 1953 жылдың бірінші тоқсанының өндіріс жоспарын 110 процент орындап, жұпарлан тыс көптеген өнім берді.

Заводтың өндіріс программасын мерзімінен бұрын орындаудағы табысына заводтың комсомолдері өздерінің қажырлы еңбектерімен келеді үлес қосты. Өндіріске тікелей қатысып жүрген 22 комсомолец Май мерекесі алдындағы социалистік жарысқа ұйымдасқан түрде ұштасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Алған міндеттемелерін комсомолдер айроймен орындап шығу үшін күресуде. Комсомол мүшелері алған міндеттемелерін бірінші күннен бастап асыра орындап келеді. Сменалық тапсырманы асыра орындап, елімізге мінсіз сапалы өнім беру ісін қамтамасыз етуде комсомолдар Л. Антоненко, Н. Ветрова, Л. Мологкова жолдастар ерекше көзге түсуде. Олар өндірістік тапсырманы 130 проценттен асыра орындап, стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде.

Заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері апрель айының өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтап, жоспарды 7,5 процент артық орындауда, жоспардан тыс Отанымызға бірнеше мың сомның былғары өнімін беру-ге жаңа міндеттемелер алды.

Кәзір комсомол ұйымында социалистік жарысқа ұштаспаған, алған міндеттемесін артығымен орындамай жүрген бірде-бір комсомолец жоқ. Комсомолдердің көпшілігі өндіріс озаттары болып табылады.

Даңқты Май мерекесін былғары зауытының комсомолдері өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу үшін еңбек қарқынын күн санап осылай күшейте түсуде.

Ф. МУСТАЕВА,

Былғары зауытының комсомол ұйымының секретары.

Бұзаулар күйлі өсірілуде

Сүлейменова жолдас Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Булаев ауданы) ірі қара мал фермасында бұзау күтуші болып істейді. Ол бұзауларды шығынсыз, күйлі өсіріп келеді.

Сүлейменова жолдас бұзаулардың күтімін бйыл да үлгілі ұйымдастырған болатын. Ол бұзауларды құнарлы жемішпен мезгілінде азықтандырып отырады. Соның нәтижесінде оның қарамағындағы бұзаулар түгел күйлі өсірілуде.

Бұл күндері Д. Сүлейменова жолдас Бірінші май мерекесі күрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр.

М. ЗАҒЫПАРОВ,

(ҚазТАГ).

ССРО-ның мемлекеттік заемдары

Социализмнің экономикалық заңдары туралы И. В. Сталин жолдастың ілімін бекітуге ала отырып, партияның XIX съезі коммунистік қоғам құрылысының программасын, социалистік экономиканы, мәдениетті жаңадан өркендетудің, еңбекшілердің материалдық ал- ауқатын арттырудың ұлы программасын қабылдады.

Өткен 1952 жылы еліміз экономика мен мәдениетті өркендетуде, совет адамдарының түрлі деңгейдегі өміріндегі және табыстарға ие болды. ССРО-ның халық шаруашылығы қызу қарқынмен өркендеуде.

Волгада, Донда, Днепрде, Аму-Дарьяда ірі су электр станциялары мен суландыру жүйелерін салу жөніндегі белгіленген жоспар ойдағыдай орындалуда. Өткен жылы В. И. Ленин атындағы Волга-Дон каналы пайдалануға берілді.

Социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде де зор табыстарға қол жетті. Елімізде астық проблемасы толық шешілді, ал, мал шаруашылығы өнімдері соғысқа дейінгінен әлде қайда артық. Егер ұлттық табысқа келетін болсақ, ұлттық табыстың көлемі 1952 жылы 1951 жылғымен салыстырғанда 11 процент артты.

Біздің елімізде ұлттық табыс еңбекшілердің қарамағында. ССРО еңбекшілері өздерінің жеке басының материалдық және мәдени қажеттерін өтеу үшін ұлттық табыстың төрттен үш бөлігіне жуығын алады.

1952 жылы халқымыз мемлекеттік жәрдем, мемлекеттік хауісіздендіруден, әлеуметтік жәрдем, көп балалы және жеке басты аналарға берілетін жәрдем, төгін дәрігерлік көмек, тегін оқу, мажарлық жетілдіру, оқушыларға стипендия төлеу, курорттар мен санаторийлерге тегін және арзан бағамен путевкалар алу арқылы мемлекет есебінен 129 миллиардқа жуық сомның жәрдемі мен жеңілдіктерін алды. Жұмысшылар мен қызметшілердің табысы 1951 жылында 7 процент, ал, шаруалардың табысы ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға есептегенде 8 процент артты.

Көзір бүгін совет халқы партиямыз бен үкіметіміздің өнеркәсіп және азық-түлік товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан —алтыншы рет кеміту туралы қаулысына 1953 жылдың өндірістің жоспарларын мерзімінен бұрын орындаумен, шаруашылық және мәдени құрылыста жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін күресуде.

Жаңа бесінші бесжылдық жоспардың толық және тезіра орындалуы үшін қажетті шарттардың бірі —көр жыйнаудың ішкі мүмкіншіліктері негізінде өте зор фирмалардың құрылуы. Ол ресурстары

рының қызу қарқынмен және үнемі көбейіп отыруы социалистік қоғамның өркендеуі болып саналады. Біздің елімізде социалистік өндірістің өркендеуі социализмнің экономикалық заңына бағындырылған, яғни ол халықтың материалдық ал-ауқат және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыру мақсатына қызмет етеді, мұның өзі ССРО-да мемлекеттік заемдары өркендетуге зор мүмкіндік береді.

ССРО-да мемлекеттік заемдар халықтың өзінің сыртқы қаржысын коммунизм құрылысы үшін ұзақ мерзімге совет мемлекетіне қарызға беруі еңбекшілердің қалың бұқарасының сыртқы қаржысын ұйымдастырудың белсенді құралы болып саналады.

Соғысқа дейінгі сталиндік бесжылдықтар ішінде еңбекшілердің табысы және сыртқы қаржысының артуымен бірге, совет халқының өзінің туысқан мемлекетіне қарызға берген қаржысының сомасы да көбейді. Мәселен, сталиндік бірінші бесжылдықта еңбекшілердің ССРО-ның мемлекеттік заемдарына жазылудан бөлшекте түскен қаржы мөлшері 5,9 миллиард сом, екінші бесжылдықта 19 миллиард сом болса, үшінші бесжылдықтың үшін жарым жылы ішінде 24,9 миллиард сом болды. Бұл қаржының барлығы толық автомобиль, трактор өнеркәсібінің жаңа салаларын салуға, Магнитогорск, Кузнецк металлургия комбинаты сыяқты алып ірі социалистік өнеркәсіп құрылыстарына, ірі су электр станцияларының, автомобиль заводтары мен басқа да қуатты кәсіпорындарын салуға жұмсалды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында совет заемдары жауы жөнін шығу ісіне зор үлес қосты. Соғыс жылдары ішінде еліміздің еңбекшілері советтік заемдарға жазылу арқылы мемлекетімізге 76 миллиард сом қаржы берді. Бұл соғысқа дейінгі жылдарыдан 1,5 есе артық.

Ұлы Отан соғысы біздің жеңісімізбен аяқталғаннан кейін еліміз соғыс түсірген жаралатты жазуға, халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетуге кірісті. Мұнда да совет халқы өзінің үлесті мен партиясына шексіз берілгендігін, оның алға қойған міндеттерін орындауға арданан дайын тұратындығын көрсетті. Еліміздің еңбекшілері соғыстан кейінгі сталиндік бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау ісіне өзінің қажырлы еңбегімен де, қаржысымен де көзделі үлес қосты. Сөйтіп, соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықта заемдарға жазылу арқылы мемлекетімізге қарызға 130 миллиард сом қаржы берді.

Социалистік экономикамыз онан әрі өркендеуі және жаңа су электр станцияларының, суландыру жүйелері мен жаңадан

детудің мемлекеттік заңы шығарылды. Бұл заем қысқа мерзім ішінде 34 миллиард сом болып, ал, 1952 жылы 30 миллиард сом мөлшерінде шығарылған. Халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заңы 35,7 миллиард сом болып таратылды.

Советтік мемлекеттік заемдардың халық арасында мұндай зор табысты болуының сыры неге?

Ең алдымен, советтік заемдар халық мүддесіне қызмет етеді және елімізде коммунизм құру ісіне, сонымен бірге, халық дәулетін арттыруға жұмсалады.

Жүз миллиондаған совет азаматтары ССРО-ның мемлекеттік заемдарына жазылғанда өздерінің мемлекетке қарызға берген қаржысы халық шаруашылығын және мәдениетін өркендетуге жұмсалатындығын жақсы біледі. Советтік мемлекеттік заемдар —шын мәніндегі халықтық заем. Бізде көзір 70 миллионға жуық адамның мемлекеттік заемдарды ұстаушы болып есептелетінін айтудың өзі бұған толық дәлел болады.

Советтік заемдардан еңбекшілер қосылына кіріс алып отырады. Мәселен, бірінші бесжылдық жылдарында еңбекшілерге заем бойынша 17 миллиард сом ұтыс төленді, ал, өткен 1952 жылы азаматтардың заем бойынша мемлекеттен алған кірісі 7 миллиард сом болды.

Совет заемдарының мұндай қасиеті олардың капиталистік заемдардан мүдде өзгеше екендігін көрсетеді. Капиталистік заемдар жатыншылардың пайдасына, ал, олардың есауір бөлігі басқыншылық соғыс жүргізу үшін жұмсалады.

Бүгін совет халқы сыяқты облысымыздың еңбекшілері де мемлекеттік заемдарға жылы сайын ұйымшылдықпен, саяси зор өрлеу үстінде жазылып отырғанын айтпай кетуге болмайды. Облыс еңбекшілері соғыстан кейінгі жылдар ішінде өз мемлекетімізге қарызға 240 миллион сом қаржы берді. Ал, мемлекетіміз соңғы 1952 жылдың өзінде ғана облыс еңбекшілеріне 9,165 мың сом ұтыс, оның ішінде 88 ірі ұтыс төледі.

Үстіміздегі жылы мемлекеттік заемдар бойынша 20 рет ұтыс таражы өткізіледі. Облыс еңбекшілерінің заем бойынша мемлекеттен алатын кірісі әлде қайда артады.

ССР Одағының мемлекеттік заемдары социалистік мемлекеттің финансы қорларын арттырумен бірге, ССРО-ның экономикасы мен мәдениетін қызу қарқынмен өркендетуге, Отанымыздың күш-қуатын онан әрі нығайтуға және елімізде коммунистік қоғам орнатуың ұлы программасын орындауға көмектеседі.

Ф. ПЕТРОВ

Шахмат турнирі

Облыстық физкультура және спорт комитетінің ережесі бойынша 1953 жылғы облыс бойынша шахматтан бірінші орын алу жарысы үш кезеге бөлініп өткізіледі.

25 марттан 2 апрельге дейін сельлық аудан шахматшыларының ауданаралық жарысы өткізілді.

Көзір ауданаралық шахмат жарысында жеңім шыққандардың қатысуымен облыс бойынша бірінші орын алу үшін шахматшылардың жартылай финалы өткізіліп жатыр.

Финалға қатысушылар 12 адамнан екі топқа бөлініп ойнайды. Өткен жексенбі күні шахмат ойынының жетінші туры өткізілді. Бірінші топтан екінші разрядшы Жұмабаев («Электрик») пен Богдановтың («Звезда») кездесуі ерекше назар аударды. Ойынның 51 жүрісінде Жұмабаев инициативаны өз қолына алды. Жетінші турдың қорытындысында жеті ұпайдың бетеуіне ие болды.

Жартылай финалдың екінші тобында ойнағандардың ішінен жеті турдан кейін Ким —5 ұпайға, Храбрых пен Богучаров әрқайсысы 4,5 ұпайға ие болды.

Жартылай финалдың бірінші тобынан алғашқы 6 орынға, екінші тобынан алғашқы 5 орынға ие болғандар және 1952 жылы облыстық шахмат жарысында жеңім шыққан Бритак жолдас 1953 жылы шахматтан бірінші орынға ие болу жөніндегі облыстық финалды ойынға қатысады.

Е. КӘДІРОВ.

Оқушыларға арналған кеш

Жуырда облыстық драма театрында фельдшерлік- акушерлік мектептің оқушыларына арналған кеш өткізілді. Онда мектептің партия ұйымының секретары А. Ф. Завьялова жолдас И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген дағым пандия еңбегі туралы лекция оқыды. Оны оқушылар зор ықыласпен тыңдады.

Лекциядан кейін мектеп көркемөнершілері үйірмесінің мүшелері оқытушы Анисимова жолдасын басқаруымен концерт берді.

К. САҚЫПОВ.

Қарп жылқышы

А. Әбдешев жолдас Преснов ауданындағы «Баян» ауылшаруашылық артелинде 19 жылдан бері жылқышы болып істейді. Осы жылдарда қолхоз жылқысын шығынға ұшыратпай, аман өсіріп келеді. Өткен жылы ол 58 биеден 58 құлын алып, оларды аман өсіргені үшін қосымша ақыға бір жабағы алды. Бұл күндері жылқышы Әбдешев жолдас биелерді құлындату маусымын ойдағыдай өткізуде.

О. МҰҚАМЕТҚАЛИЕВ.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 13 апрель. (СОТА). Корея Халық-демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары мен қытай халық еріктері өткен күні, Пенамдон ауданында американо-ағылшын интервенттері мен лысыманшыл әскерлерге қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болғанын хабарлады. Дұшпан бір полктың

күшімен Пенамдонның батыс жағындағы таулар бағытында бірнеше рет атака жасалды. Бірақ, қуатты артиллерия оғын және Халық армиясы әскерлерінің қарсы атакасына кездескен дұшпан шығынға ұшырап, шегінді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсірді.

Паньмыньчжондегі келіссөздер

ПЕКИН, 11 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан мынадай хабар берді:

Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациямен бүгін мынадай мазмұндама жариялады:

Ауру және жаралы соғыс тұтқындары еліне қайтаруға қатысы бар әкімшілік шараларды талқылау үшін, екі жақтың штаб әскерлері 12 апрельде тиістерен мәжіліс өткізді. Мәжілісте екі жақ бұл мәселе бойынша өзара толық келісімге келді.

Корей-қытай делегациясы да, екінші жақ

та өзінің қолындағы ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруды 20 апрельде Паньмыньчжонде бастайтынын мәлімдеді. Корей-қытай жағының қолындағы ауру және жаралы соғыс тұтқындарының алғашқы тобы Чхонмодегі соғыс тұтқындары лагерінен 14 апрельде жөнелтіледі. Корей-қытай жағы екінші жақпен да өзінің қолындағы ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруды 20 апрельде Паньмыньчжонде бастауын ұсынды.

Екінші жақ бұған ризалығын білдіріп,

Паньмыньчжонде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыру туралы келісімге қол қойылуы

Синьхуа агенттігінің хабары

ПЕКИН, 11 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан мынадай хабар берді:

Бүгін түсте екі жақтың байланыс топтары ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы келісімге қол қойды. Бұл келісімге қол қойылғаннан кейін соғыс тұтқындары туралы мәселені толық шешу және Кореяда уақытша бітім жасау мақсатымен келіссөздерді тезінен қайта бастау мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Генерал Ли Сан Чо «Кореяда уақытша бітім жасау мақсатымен соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені талқылап шешу үшін» екі жақтың делегацияларының пленум мәжілістерін тезінен қайта бастауды ұсынды. Ол американо команданшасы Кларктың өзінің жауабында: екі жақтың ауру және жаралы соғыс тұтқындарын соғыс қыймылдары кезінде ауыстыру мәселесін ақылға қоюды шешу соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені кідіріссіз шешуге бастауға тиіс дегіні көзқарасты қостағанын көрсетті.

Уақытша бітім туралы келіссөздерді қайтадан бастау күні бүгін белгіленген жоқ, өйткені, контр-адмирал Даниэль өзінің байланыс офицерлері арқылы хабар етілгенге дейін байланыс топтарының мәжілістерінде үзіліс жасауды ұсынды. Генерал Ли Сан Чо мұндай үзіліс жасауға ризалық білдірді. Бірақ, уақытша бітім туралы келіс-

лып, келісімге қол қойылуын күтіп тұрды. Келісімге қол қояр алдынан генерал Ли Сан Чо мәлімдеме оқыды. Бұл мәлімдемде корей-қытай жағы «кәзіргі уақытта еліне қайтарылмайтын біздің жағымсыз ауру және жаралы соғыс тұтқындарын, уақытша бітім жасалғаннан кейін оларды еліне қайтару мәселесінің әділетті шешілуін қамтамасыз ету үшін, бейтарап мемлекетке тапсыруды талап етуге праводы болатынын» көрсетілді.

Корей-қытай жағынан бейбітшілікті қорғау жолындағы қажырлылығы, Кореяда уақытша бітім орнатуға бірден-бір кедергі болып отырған соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешу мақсатымен делегациялардың мәжілістерін тезінен қайта бастауға жол ашты. Жақын арада Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері Чжоу Энлай және Корей Халық-Демократиялық Республикасының министрлер Кабинетінің председателі Ким Ир Сен бұл шешілмеген мәселені шешу үшін жаңа ұсыныс жасады. Мұнан кейін генерал Нам Ир американо делегациясының басшысы Гаррисонға хат жолдап, бұл ұсыныс жайында толық түсінік берді. Хат кеше байланыс топтарының мәжіліс кезінде тапсырылды. Генерал Ли Сан Чо енді делегациялардың мәжілістерін қайта бастау күні туралы мәселені талқылауды ұсынды. Соғыс тұтқындары туралы мәселені толық шешу мақсатымен корей-

дүрыс және үнеммен жұмсау, үнем тәртібін қатаң сақтау болып саналады.

Халық бұқарасының сақтық қаржыла-

салу ісіне халықтың қаржысын қатыстыру мақсатында 30 миллиард сом мөлшерінде ССРО-ның халық шаруашылығын өркен-

Облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі.

Радиоландыру—аса маңызды іс

ССРО Министрлер Советінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын кеміту туралы қаулысы бойынша радио точканы пайдалану бағасы екі есе кеміді. Бұрын колхоздарда радио точкамен пайдаланудың айлық бағасы 8 сом болса, кәзір 4 сом дейін арзандады. Бұл үкмет пен партияның совет халқын мәдениетті қамтудағы жаңа қамқорлығының айғағы болып табылады.

Радио точканы пайдалану бағасының кемуі облысымыздың колхоздары мен совхоздарын жалпай радиоландыруға мүмкіндік береді. Бұл күндері облыстың барлық радио тораптары радио точкалар орнату жөніндегі азаматтардан көптеп түскен өтініштерді орындауға кірісті.

Үкмет пен партияның жаңа қамқорлығына жауап ретінде облыстың байланыс қызметкерлері радио точкаларды тезінен орнату үшін Бірінші май қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Бұл шаралар еңбекшілердің репродукторларды сатып алуын керек ете бастады. Облыстық тұтынушылар одағы мен облыстық сауда бөлімі сауда орындарына репродукторларды сатуды жеделдетуі керек. Өйткені, репродуктордың жоқтығы жаңа радио точкалардың орнатылуына көп бөгет жасайды.

Жекелеген аудандарда «Посылторгін» Свердловскідегі бөлімшесі арқылы репродукторлар сатып алу ұйымдастырылды.

Осы тәжірибені облыстың басқа аудандарына да ұсыну еңбекшілердің үйлерін жедел радиоландыруға мүмкіндік береді.

Облыстың байланыс қызметкерлері Бірінші май қарсаңындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін азбоямен орындап, астаналардан берілетін хабарлардың сапасын арттыру үшін күресуде. Оған олардың жартыжылдық радио точка орнату жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындағаны кепіл бола алады.

И. ТАХМАН.

Облыстық байланыс басқармасының бас инженері.

«ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН КЕІН

Газетіміздің 1953 жылғы 25 январь күнгі санында «Шу көтермейік, дейді олар» деген мақала жарияланған еді. Онда Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы жеті-жылдық мектептің мұғалімі Қалжонтовтың, Жалтыр бастауыш мектебінің меңгерушісі Бекмағанбетовтың совет педагогикасына жәт кейбір тәртіпсіздіктері, сабақ үстінде оқушыларды орынсыз жәбірлейтіні сынга алынған болатын.

Облыстық оқу бөлімі редакцияға мақалада келтірілген фактілердің толық анықталғандығын, балаларды дұрыс тәрбиелемей, сабаққа дайындықсыз келіп, оқушыларды орынсыз жәбірлегені үшін Қалжонтовтың мұғалімдік қызметтен босатылғанын, ал, Жалтыр бастауыш мектебінің меңгерушісі Бекмағанбетовке сөгіс жарияландығын хабарлады.

сөздерді қайтадан бастау күні жөніндегі мәселені талқылау үшін байланыс топтарының мәжілістерін бір-екі күннің ішінде қайта бастауды ұсынды. Даниэль бұған ризалық білдірді.

Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы келісімге Паньмыньчжонде корей-қытай байланыс тобының басшысы генерал Ли Сан Чо және американдардың байланыс тобының басшысы контр-адмирал Даниэль Кол койды. Келісімге қол қойылған шатырдың төңірегіндегі жақтың жүз шамалы тілшілері, фото тілшілері және кинооператорлары жыйын-

қытай жағының жаңа ұсынысын жүзеге асырудың нақтылы шараларын делегациялардың мәжілістерінде талқылауға болады. Дүние жүзіндегі барлық бейбітшіл адамдар Паньмыньчжонге айрықша назар салуда. Олар американдардың Кореяда уақытша бітім жасауды шын ниетімен тілейтінін немесе тілемейтінін білгісі келеді. Соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешу мақсатымен уақытша бітім туралы келіссөздерді тезінен қайта бастау американдардың шын ниеттілігіне шешуші сын болады.

Паньмыньчжондегі келіссөздер

ПЕКИН, 13 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, Кореядағы бітім жасау туралы келіссөздерге қатысушы корей-қытай делегациясы бүгін мазмұндама жариялаған, онда былай делінген:

13 апрельде екі жақтың штаб офицерлерінің мәжілісінде корей-қытай жағы корей ұлтына жағдайын, ауыстырылуға тиісті ауру және жаралы соғыс тұтқындарының қатарына американдықтардан, ағылшындардан, түріктер мен канадалықтардан, гректер мен голландықтардан басқа, Филиппиндіктердің, оңтүстік африкалықтардың, австралиялықтардың және колумбиялықтардың жататындығын екінші жаққа білдірген.

Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын тасымалдауға, қабылдауға байланысты бірқатар нақтылы әкімшілік шараларды талқылағаннан кейін екі жақ келісімге келген.

Кубадағы ереуіл

НЬЮ-ЙОРК, 12 апрель. (СОТА). «Джорнэл оф коммерс» газетінің хабарына қарағанда, хенекен (және жасалатын өсімдік—ред) өсіретін плантацияда жұмыс істейтін кубаның 3 мың жұмысшысы, үкмет олардың жалақысын кеміту жөнінде мәлімдеме жасағаннан кейін, ереуіл жариялаған.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»

(I-сериясы)

Сағат 4-8-де басталады.

(II-сериясы)

Сағат 6-10-да басталады.

Қасса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «СҮЙІКТІ ӘНДЕР»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Қасса сағат 3-тен бастап ашық.

А. ХАМИДУЛЛИН.

Ғабдолла Тоқай

(Қайтыс болғанына 40 жыл толуына)

Бүгін бүкіл совет жұртшылығы татардың ұлы ақыны, ағартушысы және революционері-демократы Ғабдолла Тоқайдың қайтыс болғанына 40 жыл толуын атап өтіп, оның есімін құрметпен еске түсіреді. Тоқайдың есімін Отанымыздың өзі ұлттық әдебиетінің Т. Шевченко, Абай, Х. Абовян, И. Чавчавадзе, М. Ахундов және басқа есіміз сияқты аса көрнекті өкілдерімен қатар қоюға болады.

Ғ. Тоқай өз заманында еңбекші халықтың ойын дубілетін, жүрегің тоқытқан әлеуметтік және саяси мәселелерді татар шежіресінің тарихында бірінші болып көтерді, татар әдебиетін революциялық-демократияның идеяларымен байытты, татар халқын әлеуметтік азат пікірге, ересе, ұлы өрлеу халқының демократияшы ең азат идеологиясы мен мәдениетіне асепіп жақындатты. Шын мағынасындағы халықтық тілекпен, Отанға деген шексіз сүйіспеншілікпен және біздің кең-байтақ елімізді мекендеген халықтардың тілек-тегігі мен туысқандық достығына адалдық ізгі ниетпен суарылған көркем шығармалар жауу татар әдебиетінде тұңғыш рет Тоқайдың үлесіне тиді.

Дарынды ақын Ғ. Тоқайдың өмірі қайғылы және өте қысқа болды. Жаңалыққа, азат ойлы адамға жаны өш арам ниетті қартарташылардың үнемі аңдуынды, қудалауында болған ақын қайыршылық тұрмыстан шыға алмай, түберкулезге шалдығып, 27 жасында қайтыс болды.

Өзінің соңғы өлеңдерінің бірінде ақын өзі жасап, творчестволық еңбекпен, кү-

респен өткізген, қысқа, бірақ, мағналы өміріне былай деп екіншінен қорытынды жасайды:

Қара күнге қарсы тұрар, күш-жігерді сақтай алмадым.

Сондықтан да, жүндерімнің ешбірін «сақ» дей алмадым.

Болады жолда көп бөгеттер, иттен көбіейді дүшпаным.

Күштілерді, зальымдарды ешұақытта жақтай алмадым.

Қайтпайды өш, бітті күш, сынды қылым, сол болды іс.

Кірлемін те бітпін өзім, дүниені нақ, дей алмадым.

Тоқай 1886 жылы бұрынғы Қазан уезінің Қошалауыш ауылында туған. Ол ата-анасынан өте жастай жетім қалып, тастық және ұлттық қанаушылыққа негізделген капиталистік қоғамның жағдайында кішкентайынан-ақ өмірін барлық ауырталығын басынан өткеруге мәжбүр болды.

Ақын өмірінің едәуір бөлегі (1895—1907) Қазақстанда өтті. Тоқай тоғыз жасар бала кезінде Орал қаласындағы туған апасының қолына келді. Мұнда ол дин-схоластикалық пәндер оқылатын медреседе оқыды. Өмірді білуге көмектесетін нағыз ғылымға талпынған жас ақынды медресе сабағы қанағаттандыра алмады. Тоқай өзінің барлық құштарығын, жігер-қайратын өрсе тілін үйренуге жұмсап, Пушкин, Лермонтов шығармаларын және өрсе тіліндегі газет, журналдарын үлкен құмарлықпен оқыды, өлең жаза бастады.

Бірінші өрсе революциясы Ресейаның барлық жерінде өмір «тыныштығын» шайқалтты. 1905 жылдың оқпайғасы Орал қаласына да тез жетіп, қолдау тапты. Қалада татар тілінде «Шіар», «Оқтар», «Жаңа заман» атты газеттер шыға бастады. Жас Тоқай революцияны қуанышпен қарсы алып, медресені тастай-



ды да баспаханаға әріптерунілік жұмысқа орналасады. Ол революция мен бөлендікты, оның күрескерлерін мадақтайтын өлеңдер жазып, прогресшіл татар жұртшылығының құрметіне ие болды оның ақындығы таңыла бастады.

Арамтамақтарды әшкерелейтін «Парзиттерге» деген өлеңінде: «Қорықпаймын, мен олардан, қорықпаймын асқандардан... аямаймын шыбын жанды, шы-

лық жолды, атқан таңды қарсы аламын, күресемін, нағыз тура социалдардай» дейді ақын ыза-бекпен.

Тоқай патшалық самодержавие мен қанаушы таптарды батыл әшкерейтін мақалалар мен памфлеттер жазып, самодержавиеге қарсы батыл күресуге шақырды. Ақын өзі өмір сүрген қоғамның көңіл аударуға тұрарлық барлық оқиғаларына үн қосып, өз пікірін айтып отырды. «Патша — аштық» деген саяси экономия жөніндегі маркстік кітапшаны аударумен бірге Бірінші Мемлекеттік думаны әшкерелейтін мақалалар жазып, революцияның жеңеті ішкі істер министрі Дурновқа зағнат айтады, ұлтшылдық пен патриархизмді ұғыздаушы Гаэпринскийді қатал сынап, байлар мен дін иелерін, буржуазияшы ұлтшылдарды өткір тілмен өлтіре мінеді.

Революциядан қорқып, үршіекпен реакцияшы татар буржуазиясы халықты қоныс ауларып Түркияға көшуге шақыра бастағанда «Кетпейміз» деген атақты өлеңімен Тоқай буржуазияға батыл қарсылық көрсетті. Ұлтшылдарды «Қара жүзділер» деп атап, оларға халық бұқарасы атынан қарғыс айтты.

Халықтар арасындағы ұлы достықтың тақырыбы Тоқай творчествосынан үлкен орын алады. Ақын орыстың революциялық-демократияшы поэзиясының дәстүріне сақтай отырып, бірінші өрсе революциясының ықпалын ұғыздап, сол дәуірдегі азат ойлы алдыңғы қатарлы адамдардың дәрежесіне көтеріле алды. Мақалаларының бірінде «Біз татарлар, қасырлар бо йы өрсе халқымыз бірге өшіп біте қалғанымыз келеміз. Сондықтан біз өрсе халқы жақтауымыз керек. Осы ұлы халықтың азаматы бола білуіміз керек. Осы ұлы мемлекеттің шын патриоты болуымыз керек» деп жазды Тоқай.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.